

Ф. Е. Бөрібай, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ПО АРНАЙЫ-ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ ӨДІСІНІҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі таңда ПО қызметкерлері дене және психикалық денсаулығына қауіпті болып табылатын, әскери жағдайға теңестірілген, айтарлықтай экстремалды жағдайларда неғұрлым қиын міндеттерді атқаруға тура келеді. Сол себепті ПО қызметкерлерінің қызметтік іс-әрекетімен байланысты кәсіби мәселелері мен жағдайларды шешу кезіндегі арнайы-тактикалық даярлығы мен жеке қауіпсіздік шаралары өзекті мәселелердің бірі.

Дене және психологиялық қатер бүгінгі таңда құқық қорғау органы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетінің объективті құрамдас бөлігі болып табылады, яғни мұндай қатерді мүмкіндігінше азайту аса маңызды.

Сол себепті ПО қызметкерлерінің арнайы-тактикалық даярлығын және жеке кәсіби қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістеріне оқыту, экстремалды жағдай кезінде сенімді және сауатты іс-әрекет жасауға үйрету бүгінгі таңда ПО кадрларын кәсіби дайындаудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметінде арнайы-тактикалық даярлығын және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары.

ПО қызметкерлерінің қызметтік-әскери іс-әрекеті қауіпсіздігін келесі құрамдарға бөлуге болады:

- ПО қызметкерінің өз бойында оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін психофизикалық, психологиялық сапалардың болуы, кәсіби-қолданбалы түрде тактикалық жаттыққандығы;
- кәсіби іс-әрекетті атқару кезінде наряд, қызмет, бөлімшелер, органдар басшыларының қол астындағы қызметкерлерінің іс-әрекетінің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ете алуы;
- құқық бұзушыларға қарсы, заңдылықты сақтау мен халықты қорғауда дайындық деңгейінің болуы.

ПО қызметкерінің іс-әрекетіндегі қауіпті жағдайлар.

Қауіп-қатер — бұл құқық бұзушының жүріс-тұрысы, табиғат құбылыстарының әсері, апатты жағдай немесе зілзланың қызметкерге дене немесе психологиялық зиян келтіріп, қайғылы оқиғаға немесе өлімге әкелетін, қызметкердің оны сезінуін білдіретін күйзелістік жағдай.

Кәсіби қауіп-қатер түрлерін нақтылай отырып құқық қорғау іс-әрекетінде құқық бұзушымен кез келген байланыс қызметкердің денсаулығы мен өміріне қауіпті болып табылады¹.

Жоғарыда аталған қауіпті жағдайлар ПО қызметкерлерінің барлығына ортақ деп қарастыру қажет. Сонымен қатар, бұл үдерістер нақты бір қызметтер мен бөлімшелерге пайдалану үшін талдануы және саралануы қажет. Бұлардың барлығында күрестің жауынгерлік тактикалары, суық қару, жарақат, соғылу, жара және т. б. арнайы-тактикалар пайдаланылады.

Құқық қорғау іс-әрекетіндегі қауіп-қатер жағдайындағы қайғылы оқиғаларға ПО қызметкерінің бейім болуы. Психологиялық ерекшеліктері мен кәсіби дайындық деңгейіне сәйкес ПО қызметкерінің іс-әрекет тиімділігі қауіпті жағдайларда әртүрлі болады. Сонымен қатар құқық бұзушылармен өзіндік байланыспен қылмыскерлерді іздестіру мен тұтқындау үдерісіндегі жедел міндеттерді шешумен, техногенді және табиғи сипаттағы аудандарында құтқару жұмыстары мен қарулы қақтығыспен байланыстырылатын қарама-қайшылықтар да болуы мүмкін.

ПО қызметкерінің тактикалық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кәсіби батылдығын тәрбиелеу бойынша психолог ғалымдарының ұсыныстарын пайдалануға болады. Атап айтар болсақ:

- өзінің мығымдылығына деген сенімін қалыптастыру және іс-әрекеттің қауіпті жағдайында өміршеңдік ұстанымын дамыту;
- кәсібилігін дамыту және дағдарыс кезінде өзінің іс-әрекетінің мүлтіксіздігіне сенімін нығайту;

– 2-3 жылғы қызмет аралығында қобалжу сезімін зейін салу жағдайымен алмастыру;
– қатты қорқыныш сезімімен болатын қауіпті жағдайларды шынайы немесе ойша моделдеу;

– қауіпті жағдайдағы тәуекелді іс-әрекеттерден кейін жағымды эмоцияны қолдау.

Адам өмірі мен денсаулығына қауіп бірқатар мамандықтар бойынша кәсіби іс-әрекеттерді атқару кезінде туындайды: әскери қызметкерлер, өрт сөндірушілер, сонымен қатар ПО қызметкерлері. Құқық қорғау функцияларын қамтамасыз ету кезінде кәсіби қауіп көп жағдайда төмендегілер бойынша көрініс береді:

– қылмыскерлер тарапынан қауіп;

– сотталған қылмыскерлердің сыбайластары немесе туыстары тарапынан;

– техногенді апаттар мен табиғат зілзалаларының зақымдаушы факторларынан қауіп;

– атыс қаруы, күрестің әскери тактикалары, арнайы құралдарды пайдалана отырып жаттығу жасау кезінде немесе оқу кезінде болатын қайғылы оқиғалар;

– ПБ қызметкерінің психикасына ұзақ уақыт бойы қызметтік әскери іс-әрекеттің экстремалды жағдайында әсер етуі.

Еліміздегі және шетелдегі құқық қорғау өкілдерінің әскери-қызметтік тәжірибесіне талдау жасау олардың қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі тактикалық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін келесі факторларды көрсетеді:

– қауіпті және дағдарысты жағдайда құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды тұлғалардың мінез-құлық тактикасы;

– ұрыс жүргізуге дене және тактикалық дайындығы;


– құрал-жабдықты ептілікпен пайдалану;

– атыс қаруын пайдалану дағдысының жоғарғы деңгейде болуы;

– кәсіби-психологиялық тұрғыда дайын болуы.

ПО қызметкерлерінің тактикалық және жеке қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету тәсілдері мен әдістеріне үйрету кезінде қауіпсіздік факторларының өзара байланысын көрсететін «Өміршеңдік жұлдызы» деп аталатын терминді пайдаланады.

Ішкі істер органы қызметкерлерінің өміршеңдік жұлдызы



ПО қызметкерінің тактикасы мен жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді әдістерінің бірі оның дене дайындығы мен күрестің әскери тәсілдерін атқару кезіндегі басқа да дағдылары болып табылады.

Аталған жағдайда келесі дене дайындығының сапалары маңызды болып табылады:

– күш қабілеті (қылмыскердің дене қарсылығын жеңу кезіндегі күш жұмсауы және «жарылыс күші»);

– жылдамдық (қажетті қозғалыс іс-әрекетін таңдаудағы күрделі реакция жылдамдығы, қозғалыс жылдамдығы);

– ептілік (бірегей қозғалыс қабілеті, қозғалыс нақтылығы);

– төзімділік.

Экстремалды жағдайларда тактика мен күрестің әскери тәсілдерін тиімді орындауға ұзақ мерзімді, жүйелі түрде жаттығу жасау арқылы қол жеткізуге болады. Қызметкердің дайындығын қамтамасыз ету үдерісі тактикалық дайындығы кезінде басталады және қызметтік дайындық бойынша сабақ барысында жалғастырыладыⁱⁱ.

Құқық бұзушымен жекпе-жек күресте жеңісті қамтамасыз ететін төрт түрін атап көрсетуге болады, олар:

– соққыдан қолдарымен, аяғымен қорғана білуі, тұншықтыру, қапсыра ұстау, қоршаудан құтыла алуы;

– адамның осал жерінен қолдарымен және аяғымен соққы бере білуі, күрес тәсілдерін атқара алуы;

– суық және атыс қаруынан қорғана алуы;

– қылмыскерді қауіпсіз түрде тінти алуы және оны қамауға алу орнына айдауылдау әдісі.

Құқық бұзушымен күрес кезінде арнайы-тактика тәсілдерінің заңдылығын сақтау аса маңызды.

Қызметтік міндеттерді өзінің жеке қауіпсіздігіне нұқсан келтірмей ойдағыдай, сәтті аяқтау үшін қызметкерлерге максимальды физикалық және психологиялық күш жұмсауды талап ететін аса қиын іс-қимылдар жасау керек. Сондықтан да қазіргі уақытта ПО қызметкерлерінің арнайы-тактика және жеке қауіпсіздігінің мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Кәсіби бағыттың бір түрі болып ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тактикалық және жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша әдістерді экстремалды жағдайларда қолдануды үйрету.

ⁱ Папкин А. И. Личная профессиональная безопасность сотрудников органов внутренних дел: Учеб. пос. — Домодедово, 2006.

ⁱⁱ Подготовка личного состава ОВД к несению службы в экстремальных условиях и обеспечению личной профессиональной безопасности: Учеб.-метод. пос. — М., 1999.